

**Арнаулы әлеуметтік қызметтер
ұсынатын ұйымдардың бірыңғай
тіркелімін және арнаулы әлеуметтік
қызметтер көрсететін мамандардың
тізілімін қалыптастыру
қағидаларын бекіту туралы**

«Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптарын және оларды аттестаттау ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қызметтер департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді, мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді на официальное опубликование в периодических печатных изданиях;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің вице-министрі С.Қ. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан
Республикасының Еңбек
және халықты әлеуметтік
қорғау министрі**

М. Әбілқасымова

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі
_____ Д. Абаев
2018 жылғы « ____ » _____

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік
қорғау министрінің
201 ___ жылғы «___» _____
N ___ бұйрығымен
бекітілген

Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын ұйымдардың бірыңғай тіркелімін және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың тізілімін қалыптастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың бірыңғай тіркелімін, және арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін мамандардың тізілімін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар), арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін мамандардың тізілімін және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың бірыңғай тіркелімінің қалыптастыру және жүргізу тәртібін белгілейді (бұдан әрі – Бірыңғай тіркелім).

2. Осы Қағидада келесі терминдер және қысқартулар пайдаланылады:

1) референтті мемлекеттер - Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымына және Еуразиялық Экономикалық Одаққа кіретін елдер;

2) мүгедектерге ұсынылатын техникалық компенсаторлық (көмекші) және арнайы жүріп-тұру құралдарына сыртқы референтті баға белгілеу – өтініш беруші Франко-Зауыт бағалары техникалық компенсаторлық (көмекші) құралдардың және арнайы жүріп-тұру құралдарын (бұдан әрі – ТОҚ) бір өндіруші Франко-Зауыт бағаларымен референттік елдерде салыстырмалы талдау, сондай-ақ референттік елдерде бағасы болмаған жағдайда, ТОҚ жүзеге асырылатын елдерде;

3) өнім беруші - Бірыңғай тіркелімге белгіленген тәртіппен тіркелген арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін немесе ТОҚ іске асыратын заңды немесе жеке тұлға;

4) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

5) жұмыспен қамту бөлімі – Астана қаласының жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы, Алматы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, өнім берушінің орналасқан жері бойынша қалалық, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері.

3. Бірыңғай тіркелім уәкілетті органдың автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда жүргізіледі.

4. Бірыңғай тіркелім өнім берушілер туралы келесі ақпаратты қамтиды:

- 1) Бірыңғай тіркелімде өнім берушінің тіркелгі тіркеу нөмірі;
- 2) өнім берушінің (заңды тұлғалар үшін) толық және қысқаша (бар болған жағдайда) атауы;
- 3) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін маманның лауазымын, білімін, біліктілігі және жұмыс тәжірибесі (жеке тұлғалар үшін) көрсете отырып;
- 4) өнім беруші болып табылатын жеке кәсіпкердің, заңды тұлғанының мемлекеттік тіркеу күні;
- 5) өнім берушінің ұйымдық-құқықтық нысаны (заңды тұлғалар үшін);
- 6) өнім берушінің мекен-жайы (орналасқан жері, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін немесе ТОҚ іске асыру орны), байланыс телефоны, электрондық пошта мекенжайы;
- 7) өнім беруші (заңды тұлғалар үшін) басшысының тегі, аты, әкісінің аты;
- 8) өнім берушіде (қажет болған жағдайда) рұқсаттар (лицензиялар) туралы ақпарат бар болған жағдайда;
- 9) әлеуметтік қызмет көрсету нысандары туралы мәліметтер;
- 10) іске асыратын ТОҚ немесе көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің түрлері және нысан тізімі;
- 11) іске асыратын ТОҚ, қызметтер түрлеріне және көрсетілетін әлеуметтік қызмет нысандарына тарифтер;
- 12) әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың лауазымын, білімін, біліктілігі және жұмыс тәжірибесі (заңды тұлғалар үшін) туралы мәліметтер;
- 13) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған орындардың жалпы саны, бос орындардың болуы туралы, оның ішінде әлеуметтік қызмет көрсету түрлері (заңды тұлғалар үшін) туралы ақпарат;
- 14) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жағдайында ақпарат;
- 15) өткізілген тексеріс қортындысы туралы ақпарат;
- 16) өнім берушінің соңғы бес жыл тәжірибесі туралы ақпарат.

5. Бірыңғай тіркелімдегі қамтылған мәліметтер, жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады және жеке және заңды тұлғалардың қуәландыратын электрондық цифрлық қолтаңбасының немесе смс-хабарлама арқылы алынған бірреттік пароль негізінде өтеусіз негізде сұрау салу бойынша ұсынылады.

6. Бірыңғай тіркелімде қамтылған ақпарат халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге мониторингті жүзеге асыру мақсатында пайдаланылады.

2-тарау. Бірыңғай тіркелімге тіркеу тәртібі

7. Бірыңғай тіркелімге тіркелу өнім берушілермен дербес ерікті негізде іске асырылады.

8. Бірыңғай тіркелімге енгізу үшін өнім беруші уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша электрондық түрде өтініш (бұдан әрі – өтініш) толтырады, келесі құжаттардың электрондық көшірмелерін тіркеп:

1) өнім беруші (тек қана заңды тұлғалар үшін) басшысын тағайындау туралы бұйрық (шешім);

2) іске асырылатын ТОҚ және ұсынылатын қызметтердің бағалары туралы бекітілген өнім берушінің бұйрығы (шешім);

3) іске асырылатын ТОҚ, ұсынылатын қызметтердің нысандары және әлеуметтік қызметтердің түрлерінің тізімдері;

4) мемлекеттік тіркеу күнінен бастап іске асырылатын ТОҚ және арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну саласындағы жұмыс тәжірибесі болуы туралы құжаттар;

5) ТОҚ немесе ұсынылатын арнаулы әлеуметтік қызметтер шарттары және түрлері, нысандары туралы қамтитын құжаттар;

6) әлеуметтік қызметтерді ұсынатын мамандардың лауазымы, білімі, біліктілігі және жұмыс тәжірибесін қамтитын құжаттар;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тексеру нәтижелері бойынша және бақылау мен қадағалаудың өзге түрлері арқылы анықталған бұзушылықтарды жою туралы, бақылау мен қадағалаудың өзге нысандарын бақылау және қадағалау органдарының тексеріс қортындылары туралы құжаттар (актілер);

8) Франко-Зауыт өндірушінің бағасы туралы, сондай-ақ референттік елдерде ақпарат көзін көрсете отырып Франко-Зауыт бағасы туралы ақпарат (отандық өндірушіні қоспағанда). Референттік елдерде Франко-Зауыт бағасы туралы Туралы ақпарат болмаған жағдайда, Франко-Зауыт бағасы туралы ақпарат болмаған жағдайда, өнім беруші мәлімделген ТОҚ Франко-Зауыт бағасын ақпарат көзін көрсете отырып кемінде бес балама елдердегі туралы ақпаратты береді;

9) тіркелген бағаларды анықтау үшін есептеу негіздемесі - логистикаға, сақтандыру, кедендік ресімдеу, қауіпсіздігі мен сапасын бағалауға, сондай-ақ, маркетинг және заңды тұлғана қамтуға, Қазақстан Республикасында сауда-саттық қызметі жүзеге асыратын өкілдігі болған жағдайда (отандық өндірушіні қоспағанда) нақты шеккен шығындар;

Өнім берушінің әділет органдарында, салық органдарында тіркеу туралы мәліметтері, қажетті рұқсаттар (лицензиялар) бар немесе жоқ екендігі туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелерінен Тіркелімге автоматты режимде түседі.

9. Өнім берушілер Бірыңғай тіркелімге ұсынылған мәліметтер мен ақпараттың шынайылығы және өзектілігіне жауапкершілік тартады.

3-тарау. Бірыңғай тіркелімге енгізу үшін өнім берушілердің мәліметтерін тексеру

10. Өнім берушіні тіркеу кезінде автоматтандырылған режимде енгізілген деректерді толтыруды және салыстыру тексеру мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйедегі мәліметтермен электрондық үкімет шлюзі арқылы жүргізіледі.

Тексеріс сәтті өткенде деректерді сақтау жүргізіледі.

11. Жұмыспен қамту бөлімдері ақпараттық жүйелердің мәліметтер негізінде өтініш Бірыңғай тіркелімге енгізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде өнім берушінің өтінішін және қосымша тіркелген құжаттарын толық тексеруді және ақпараттармен және құжаттардың дұрыстығын іске асырады.

12. Уәкілетті орган сыртқы референттік баға белгілеуді талдау жасайды және өткізілген тексерістен кейін өнім берушінің тіркелуін растайды.

4-тарау. Бірыңғай тіркеліміге тіркеуден бас тарту және Бірыңғай тіркелімнен өнім берушілерді шығару негіздері

13. Тіркеуден бас тартуға негіз болып табылады:

1) өнім беруші осы Қағиданың 8-тармағында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді толық емес және (немесе) жалған ұсынуы;

2) іске асырылатын ТОҚ бағалары референттік елдерде Франко-Зауыт бағасы бес ең төменгі бағалардың орта мәнінен асып түсуі;

14. Бірыңғай тіркеліміне енгізуден бас тарту туралы шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

15. Бірыңғай тіркелімінен өнім берушінің мәліметтерін алып тастау үшін негіздеме болып табылады:

1) Бірыңғай тіркелімінен өнім берушінің өзі туралы мәліметтерді алып тастау туралы жазбаша түрде өтініші;

2) өнім берушінің қызметі тоқтауы немесе оның тарауы;

3) өнім берушінің заңнамамен белгіленген тәртіппен жасалған ТОҚ жеткізу, арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну туралы шарттың шараларын, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жеке жұмыс жоспарын орындамағаны үшін.

16. Осы Қағиданың 15-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша өнім берушіні Бірыңғай тіркелімінен шығару жұмыспен қамту бөлімдерімен ұсынылған ақпарат негізінде жүзеге асырылады.

17. Бірыңғай тіркелімінен шығару туралы хабарлама өтініште көрсетілген электрондық поштаның мекен жайына автоматты түрде өнім берушіге жіберіледі.

18. Бірыңғай тіркелімнен алып тастағаннан кейін өнім беруші туралы мәліметтер Бірыңғай тіркелімінде сақталады және 5 (бес) жыл бойы қол жетімді болады.